

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің

№1 хаттамасы

28.01.2022 ж

Қатысқандар: Комплеанс қызметінің мүшелері, колледж әкімшілігі, оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлер.

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің жұмыс жоспарымен танысу.
 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер туралы.
1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Д. К. Картамбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің жұмыс жоспарының мақсаты мен атқаратын міндеттерін айтып өтті.
 2. Екінші мәселе бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген жаңа толықтырулар мен өзгерістер туралы Б. Абдисодиқов таныстырып өтті. Ол өзінің баяндамасында нақты төрт өзгерісті атап шықты. 1. Сотталған сыбайлас жемқорларға мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдануға тыйым енгізілді. 2. Сыбайлас жемқорлар үшін жазаны өтеу шарттары өзгертілді. 3. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, судьялардың, пара берушілер мен пара алуға делдалдардың сыбайлас жемқорлық үшін жазасы қатаңдатылды. 4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда мемлекеттік қызметшілер, Парламент депутаттары, судьялар үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашу және оларды иелену, Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа шектеу енгізілді.

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің жұмыс жоспары сапалы және мерзімінде орындалуы тиіс.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген жаңа толықтырулар мен өзгерістер туралы түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.

Колледж директоры

Хатшы:

Г. Е. Алимбаева

Б. Абдисодиқов

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің
№2 хаттамасы**

11. 02. 2022 ж

Қатысқандар: Комплеанс қызметінің мүшелері, колледж әкімшілігі, бас есепші, мемлекеттік сатып алу менеджері.

Күн тәртібінде:

1. Басшылық құрам және мемлекеттік сатып алуда жүзеге асыратын қызмткерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдау бойынша.

1. Күн тәртібінің мәселесі бойынша мемлекеттік сатып алу менеджері С. Суембаев 2022 жылдың 3 қаңтардағы Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңындағы өзгерістері мен толықтырулары туралы айтты. 2022 жылдан бастап мемлекеттік сатып алу саласында біршама өзгерістер қолданысқа енді. Бір көзден сатып алудың шекті сомасы көбейтілді, мемлекеттік сатып алу туралы заңдағы жаңа өзгерістер жайлы кеңінен мағлұмат берді.

Шешім

1. Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңындағы өзгерістері мен толықтыруларды басшылыққа алу, басшылық құрам және мемлекеттік сатып алуда жүзеге асыратын қызмткерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдау.

Колледж директоры

Хатшы:



Г. Е. Алимбаева

Б. Абдисодиқов

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің

№ 3 ХАТТАМАСЫ

25.02.2022 жыл.

Қатысқандар: Комплеанс қызметінің мүшелері, колледж әкімшілігі, оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері

Колледж әкімшілігі мен қызметкерлер : 24

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бекітілген ережесімен таныстыру.
2. Комплеанс қызметіне жауапты қызметкерлердің функциялары.

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Кадр бөлімнің инспекторы: Б.Абдисодиков сөз сөйледі. Ол өз сөзінде №7 Бетқайнар колледжінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әдеп ережесі әзірленіп бекітілді. Әдеп қағидаларын таныстыру үшін №7 Бетқайнар колледжінің әкімшілік қызметкерлері , оқытушылар , өндірістік оқыту шеберлері арнайы шақырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әдеп ережелерін таныстыру кезеңінде әр тармаққа жеке тоқтап толық түсінікті болуы қамтамасыз етілді.

2.Комплеанс қызметіне жауапты мамандарға бірнеше функциялар міндеттелді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу, корпоративтік әдеп құндылықтарын дамыту, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және т.б міндеттер жүктелді.

Шешім етті:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі әдептілік ережелерімен таныстырылсын.
2. Комплеанс қызметіне жауаптылар сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізісін.

Колледж директоры:

Хатшысы :




Г.Е Алимбаева

Б.М Абдисодиков

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің

№4 хаттамасы

04. 03. 2022 жыл

Қатысқандар: Комплеанс қызметінің мүшелері, колледж әкімшілігі, оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлер.

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын қалыптастыру және бекіту

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бойынша қызметкерлердің жұмыс жасауын қамтамасыз ету

1. Бірінші мәселе бойынша отырысты колледж директоры Г. Е. Алимбаева ашып, жиналысқа қатысушыларды күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелермен таныстырды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт және этика кодексімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д. К. Картамбаев таныстырды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері мен мұғалімнің этика кодексімен ұжым толық таныстырылды. Ол өз сөзінде: *Мұғалімнің рөлі барлық әлем халықтарында ұлық болған, мұғалімнің міндеттері мен құқықтары педагог мәртебесі заңында айқын көрсетілген. Мұғалім кез келген қоғамда жоғары сұранысқа ие, себебі әлеуметтік ортаны қалыптастыру солардың қолында, олар өмірге жүзжылдықтан жүзжылдыққа болашақ ұрпақты даярлайды. Қорытындылай келе, мұғалім қазіргі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдына педагогикалық міндеттерді қоя және шеше білетін, оқыту мен тәрбиенің озық тәжірибені меңгерген, білім беру процесін басқара алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы қажет.*

2. Екінші мәселе бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартындағы көрсетілген тармақтарымен Б. Абдисодиқов таныстырды.


Шешім

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітіліп жұмыс барысында басшылыққа алынсын.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттағы көрсетілген тармақтар жұмыс барысында орындалсын.

Колледж директоры

Хатшы:



Г. Е. Алимбаева

Б. Абдисодиқов

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің

№ 5 ХАТТАМАСЫ

11.03.2022 жыл.

Қатысқандар: Комплеанс қызметінің мүшелері, колледж әкімшілігі, оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері

Колледж әкімшілігі мен қызметкерлер : 21

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулығын таныстыру.
2. Нұсқаулық бойынша бақылау жұмыстары жүргізу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулығының қолданылуы аясы , ережелері бойынша Кадр бөлімінің инспекторы: Б. Абдисодиков баяндады. Ол өз сөзінде: Біз №7 Бетқайнар колледжінде сыбайлас жемқорлықты болдырмауды мақта тұтып отырмыз осыған орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулығын әзірледі. Ол бойынша колледж қызметкерлеріне әр тармағына жеке тоқталып түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бақылау жұмыстары жүргізілуде. Егерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда да мынадай әрекеттер қарастырылған. Тәртіптік жазаға тарту, қызметінен шектеу туралы . Егер соттың нақты шешімі шықпайынша қызметкерді жұмыстан шектетуі заңсыз болып саналады.

Шешім етті:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулығын ұстанып отырсын.
2. Нұсқаулыққа сәйкес бақылау жұмыстары жүргізілсін.

Колледж директоры:

Г.Е Алимбаева

Хатшысы :

Б.М Абдисодиков

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің

№6 хаттамасы

25. 03. 2022 ж

Қатысқандар: Комплеанс қызметінің мүшелері, колледж әкімшілігі, оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлер.

Күн тәртібінде:

1. Нормативтік құқықтық актілеріне және ұйымдастырушылық басқарушылық қызметіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.


1. Күн тәртібінің мәселесі бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д. К. Картамбаев сөз алып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес №7 Бетқайнар колледжінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы ұсыныс білдірді. Колледждің құжат айналымын цифрландыру, шарттар (келісімшарттар) жасасудың ашық рәсімі және қызмет міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қысқартуға мүмкіндік беретінін айтып өтті. Өз сөзін қорыта келе қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасау жағдайлары анықталған жоқ деді.

Шешім

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылсын және жұмыс жоспары бекітілсін.

Колледж директоры

Хатшы:



Г. Е. Алимбаева

Б. Абдисодиқов